



Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт № _____

_____ қ.

«__» _____ 2025 ж.

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сәйкес Қызметтерді (бұдан әрі - қызметтер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдардың түсіндірмесі мынадай болады: Жоба – Тапсырыс берушінің көрсетілетін Қызметтерді сатып алуға не сатып алуға қатысуына не ықтимал қатысуына байланысты оқиғалар және/немесе іс-қимылдар; Бірыңғай база – Қор тобының корпоративтік порталындағы Мүдделер қақтығысы мәселесі жөніндегі консультанттар туралы мәліметтердің электрондық жүйелі түрде жаңартылатын базасы; Мүдделер қақтығысы – Орындаушының мүдделері Тапсырыс берушінің, ал жекелеген жағдайларда Қордың («Самұрық-Қазына» АҚ), Қордың тобына кіретін ұйымдардың, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының мүдделеріне сәйкес келмейтін және (немесе) олардан басым болатын жағдай.

1.3. Орындаушы _____ елінің заңнамасына сәйкес тіркелген тұлға болып табылады, салықтық тіркеу нөмірі: _____ (осы тармақ, Орындаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, толтырылады).

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда, валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің мақсаттары үшін, төлем жасалған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша шетел валютасымен де жүргізілуі мүмкін.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.2.1. Бұл ретте, егер Тапсырыс беруші Шартқа сәйкес көрсетілген Қызметтердің нәтижесіне түзетулер енгізуді талап еткен жағдайда, Шарт бойынша есеп айырысуды Тапсырыс беруші Шартта белгіленген мерзімде жүргізеді, бірақ Орындаушы көрсетілген Қызметтердің нәтижесіне Орындаушының толық және тиісінше түзетулер енгізгені туралы Тапсырыс берушінің жазбаша растауын ұсынуы тиіс;

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Егер Шартқа №1 қосымшада алдын ала төлем көзделген болса, онда мұндай алдын ала төлем Орындаушы авансты (алдын ала төлемді) және төлем шотын қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі. Шартта көзделген банк кепілдігі, ақшалай жарна немесе сақтандыру шарты түріндегі авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету бойынша міндеттеме Шартқа №1 қосымшада алдын ала төлеу көзделген сондай-ақ тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген Орындаушыны қамтамасыз етуді беруден босататын негіздер болмаған жағдайда ғана қолданылады. Бұл ретте Орындаушы басым тәртіппен ақшалай жарна нысанында осындай қамтамасыз етуді ұсынуды қарауға тиіс. Аванстық төлемнің тиісті сомасына авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда қағаз тасығышта кепілдік мәтіні Тапсырыс берушімен келісілуі тиіс, бұл ретте кепілдіктің қолданылу мерзімі мерзімі аяқталған айдан кейінгі айдың соңына дейін болуы тиіс. Орындаушы сақтандыру шартын ұсынған жағдайда сақтандыру компаниясы Тәртіптің 64-бабының 6-тармағында көзделген талаптарға, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ несиелік тәуекелдерді басқару жөніндегі корпоративтік стандартында белгіленген өлшемдерге сәйкес келуге тиіс. Орындаушы осымен «Самұрық-Қазына» АҚ несиелік тәуекелдерді басқару жөніндегі корпоративтік стандартымен өзінің танысқанын растайды. Бұл ретте, егер Шарт ұзақ мерзімді болып табылған жағдайда, авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі Шарт бойынша тиісті жылға арналған аванстық төлем (алдын ала төлем) толық өтелгенге дейін болуға тиіс. Келесі қаржы жылына Орындаушы алдыңғы қаржы жылы өткен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынады. Шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді





қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт бойынша төлемді аванс төлемей жүргізеді. Орындаушы аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.4.1. Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларда аванстық төлем (алдын ала төлем), төлем шотын ұсыну негізінде 10 (он) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде жүргізіледі.

2.5. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Тараптардың екеуі де қол қойған Көрсетілген Қызметтер актісі негізінде берілген шот-фактура.

2.6. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.7. Тапсырыс беруші Орындаушының төлемге арналған құжаттар пакетін уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.8. Нақты көрсетілген Қызметтер үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

2.9. Шот/Шот-фактура Көрсетілген Қызметтер актісі негізінде жазып беріледі және өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес (ҚР Салық заңнамасына сәйкес) және Көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей төлемге қойылуы (күні көрсетілуі) тиіс.

2.10. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара даулаған жағдайда, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны дереу хабардар етуге тиіс, ал Орындаушы дау Тапсырыс берушінің пайдасына шешілген болса, соманың даусыз бөлігіне қайтадан шот қоюға тиіс. Тапсырыс беруші мен Орындаушы даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу үшін және осындайларды түзету үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.


2.11. Орындаушымен есеп айырысу кезінде Тапсырыс беруші төленуге тиіс соманы бір жақты тәртіппен (өзара есеп жүргізу тәртібімен) Орындаушыға жазбаша хабайлай отырып, мынадай сомаға азайтуға құқылы екендігімен Орындаушы келіседі: - осы Шарттың ережелеріне және/немесе Тараптар арасында жасалған өзге де мәмілелерге сәйкес Тапсырыс беруші төлеуге қоятын айыппұл санкциялары және/немесе залалдар; - Орындаушының Тапсырыс берушіге төлеуге тиіс кез келген берешектері сомасына.

2.12. Осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, ҚР Азаматтық кодексінде айқындалғандай, көрсетілген Қызметтер үшін Орындаушыға тиесілі сыйақы бойынша берешекті өтейді.

2.13. ҚР-да Орындаушының атына ақша аударумен байланысты осы Шарт бойынша шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал ҚР-дан тыс жерлерде ақша аудару жөніндегі барлық өзге де шығыстарды, соның ішінде корреспондент-банктердің банк комиссияларын, бірақ олармен шектелмей, Орындаушы көтереді. Орындаушы Тапсырыс берушінің атына ақша аударумен байланысты барлық шығыстарды көтереді.

2.14. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, төлем Орындаушы осы Шартқа №4 Қосымшада белгіленген нысан бойынша ұсынған төлем шоты/инвойсы негізінде (шот-фактурасыз) жүзеге асырылады, төлем көзінен 20% мөлшерлеме бойынша ұсталып қалатын корпоративтік табыс салығы шегерілгеннен кейін. Бұл ретте, Орындаушы келесі құқықтарға ие: - егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының ережелерінде Қазақстан Республикасындағы көздерден түсетін кірістер бойынша өзгеше салық салу қағидалары көзделсе, Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 672, 673 және 674-баптарына сәйкес ұсталған корпоративтік табыс салығы сомасын Қазақстан Республикасының бюджетінен өз бетінше қайтаруды жүзеге асыруға немесе - Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 676-бабына сәйкес Орындаушының резидент елінде есепке алу үшін Қазақстан Республикасындағы көздерден алынған кірістер және ұсталған (төленген) салықтар туралы салық органынан анықтама алуға. Бұл анықтаманы салық агенті ретінде Тапсырыс беруші де ала алады. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қосарланған салық салуды болдырмау жөніндегі халықаралық шарттардың (бұдан әрі – Конвенциялар) қолданылатын ережелерінде көзделген тәртіпте, сондай-ақ салықтық базаны ұлғайту мен пайданы салық салудан шығарып тастауға қарсы шараларға қатысты салықтық келісімдер шараларын орындауға арналған Көпжақты конвенция (бұдан әрі – MLI) қолданылған жағдайда, белгілі бір талаптар мен критерийлер орындалған негізде, Тапсырыс беруші Орындаушының Қазақстан Республикасындағы кірістерін салық салудан босату немесе оларға төмендетілген мөлшерлеме қолдану туралы шешімді өз бетінше қабылдауға құқылы.

2.15. Тапсырыс беруші MLI қолданылған жағдайда Конвенция ережелерін қолдану мүмкіндігін қарастыру мақсатында Орындаушы Тапсырыс берушіге келесіге сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынады: Шарт жасалған күні және орындалған жұмыстар актісімен бірге №7, 8 Қосымшаларға сәйкес; Шарт жасалған күні №10, 11, 12 Қосымшаларға сәйкес. Бұл ретте Орындаушы ақпарат пен





растайтын құжаттарды келесіге сәйкес толтырып ұсынады: - №10 Қосымшаға сәйкес, егер резидент емес тұлға Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан және оған MLI ережелері қолданылмайтын мемлекеттің резиденті болса; - №11 Қосымшаға сәйкес, егер резидент емес тұлға Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан және оған негізгі мақсат тестін (principal purpose test немесе қысқаша «PPT») жүргізуді көздейтін MLI ережелері қолданылатын мемлекеттің резиденті болса; - №12 Қосымшаға сәйкес, егер резидент емес тұлға Қазақстан Республикасы Конвенция жасасқан және оған екі міндетті тестті: негізгі мақсат тесті (PPT) және салықтық жеңілдіктерді шектеудің жеңілдетілген талаптарын (simplified limitation of benefits немесе қысқаша «SLoB») жүргізуді көздейтін MLI ережелері қолданылатын мемлекеттің резиденті болса. Қажет болған жағдайда, Тапсырыс беруші Конвенция аясында және MLI ережелерін қолдануды ескере отырып, Шарттың №10, 11, 12 Қосымшаларында көрсетілмеген қосымша құжаттарды сұратуға құқылы. Жоғарыда көрсетілген ақпарат пен растайтын құжаттар өзгерген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге жаңартылған №10, 11, 12 Қосымшалар мен тиісті растайтын құжаттарды осындай жанарту күнінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, бірақ төлем күніне немесе көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күнге дейін кешіктірмей ұсынуға міндетті (қай күн кеш болса, сол күн ескеріледі). Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 666-бабына сәйкес Тапсырыс беруші Орындаушы ұсынған ақпарат пен растайтын құжаттар негізінде Қазақстан Республикасында Орындаушының тұрақты мекемесінің құрылу фактісін тексереді. Егер Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесінің құрылу фактісі анықталса немесе Орындаушы Шарттың көрсетілген қосымшаларына сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды мүлдем ұсынбаса немесе толық ұсынбаса, Тапсырыс беруші Орындаушының кірістеріне салық салуды азайту немесе оларды босату бөлігінде Конвенция ережелерін қолдануға құқылы емес және кірісті төлеу кезінде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген 20% мөлшерлеме бойынша табыс салығын ұстайды.

2.16. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде, егер Қазақстан Республикасының резидент емес жеке тұлғалары немесе Орындаушының қызметкерлері және (немесе) мердігерлері (қосалқы мердігерлері) не Шарт шеңберінде Орындаушы тартқан Орындаушының бірлесіп орындаушысының (қосалқы мердігерінің) қызметкерлері болып табылатын азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі – Қызметкер(лер)) ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын деп танылса (яғни осы Шартқа қол қойылған; осы Шарт қолданылатын; Көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) қойылатын күнтізбелік жылы аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында кемінде күнтізбелік жүз сексен үш күннен кем (келу мен кету күндерін қоса алғанда) болса), мұндай Қызметкердің табысына Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 656-бабына сәйкес жеке табыс салығын (бұдан әрі – ЖТС) салуға жатады деп айқындалған. Қызметкердің табысынан ЖТС ұстаудың уақытылығы мен толықтығы үшін жауапкершілік салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың мынадай тармақшаларымен белгіленген тәртіпке сәйкес орындалады.

2.16.1. Қызметкердің табысынан ЖТС есептеу Қызметкер мен Орындаушы арасында жасалған жеке еңбек шартында (келісімшартта)/азаматтық-құқықтық сипаттағы шартта көрсетілген табыс сомасының 10% мөлшерлеме бойынша жүргізіледі. Бұл ретте, Орындаушы Тапсырыс берушіге мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті: - Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір Қызметкермен жасалған жеке еңбек шартының (келісімшарттың) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; - Қызметкердің еңбек шарты және (немесе) Қызметкермен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде Қызметкердің жалдамалы жұмыстан алатын табыстары туралы мәліметтерді қамтитын, Орындаушының резиденттік мемлекетінің заңнамасында көзделген өзге де құжат. Тапсырыс беруші ЖТС-ны Орындаушыға табыс төленген күннен кешіктірмей есептейді және ұстап қалады.

2.16.2. Орындаушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда Шарт құнының 80 проценті ЖТС салуға жатады.


2.16.3. Орындаушы Шарттың 6.3-тармағында көрсетілген кепілдікті ұсынған кезде Тапсырыс беруші Шарттың 2.16.1 және 2.16.2-тармақшаларында көрсетілген ЖТС есептеуді және ұстауды осы Шарт бойынша Орындаушыға кірістерді төлеу сәтінде жүргізбейді.

2.16.4. Орындаушы Шарттың 6.3-тармағында көзделген мерзімде және нысан бойынша Кепілдікті ұсынбаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарт бойынша көрсетілетін Қызмет үшін әрбір төлем кезінде Қызметкерлерден ЖТС төлеу есебіне Шарттың 2.16.2-тармақшасы бойынша есептелген соманы ұстап қалады.

2.16.5. Орындаушы Заказшыға Договордың 5-қосымшасына сәйкес ақпаратты ұсынуға тиіс, онда барлық қызметкерлер туралы мәліметтер көрсетіліп, қызметкерлердің паспорт деректерінің көшірмелері (немесе қызметкерлердің жеке басын куәландыратын басқа заңмен белгіленген құжаттар) қосылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шекаралық бақылау пунктінде шекарадан өту туралы белгі мен қызметкерлердің Қазақстан Республикасында болған уақытын растайтын басқа құжаттар беріледі, келесі мерзімдерде: (1) Шартқа қол қою сәтінде (ақпарат шарт жасасқан жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, шарт жасалған күнді қоса алғандағы деректерді қамтуы тиіс); (2) Көрсетілген Қызметтердің әрбір актісіне қол қойылған күні (ақпарат Көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойылған жылдың алдындағы жылдың 1 қаңтарынан бастап, Көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойылған күнді қоса алғандағы деректерді қамтуы тиіс). Көрсетілген құжаттар әрбір қызметкердің ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында 183 (бір жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғанын/болмағанын айқындау және ЖТС сомасын айқындау үшін Тапсырыс берушіге ұсынылады.

2.16.6. Ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында бір жүз сексен үш және одан да көп күнтізбелік күн болған (келу және кету күндерін қоса алғанда) барлық Қызметкерлер бойынша Көрсетілген Қызметтер актісімен бір мезгілде Шарттың 2.16.1-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылады.

2.16.7. Шарттың 2.16.4-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы Шарттың 2.16.1 және 2.16.5-тармақшаларына сәйкес ұсынылған ақпарат пен құжаттар негізінде Көрсетілген Қызметтердің түпкілікті актісіне қол қойылған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде





Орындаушыға (толық не ішінара) қайтарылуы мүмкін. Тапсырыс беруші Шарт аяқталған күнгі жағдайы бойынша мынадай талаптар бір мезгілде орындалған кезде, қайтарылатын ЖТС сомасын Шарттың 2.16.8-тармақшасында көрсетілген формула бойынша айқындайды: (1) барлық Қызметкерлер бойынша Шарттың 2.16.5-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылса; (2) Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында кемінде күнтізбелік жүз сексен үш және одан көп күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша белгіленген көлемде және белгіленген мерзімде Шарттың 2.16.1-тармақшасында көрсетілген құжаттар табыс етілсе.

2.16.8. Қайтарылатын ЖТС сомасы мынадай тәртіппен айқындалады: $ЖТС_{қайт} = ЖТС_{ұст} - ҚТК * 10\%$, мұнда ЖТС_{қайт} – Мердігерге қайтарылуы тиіс ЖТС сомасы, ЖТС_{ұст} – Шарттың 2.16.4-тармақшасына сәйкес ұсталған ЖТС сомасы, ҚТК – ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлердің кірістері, егер осы кірістер Шарттың 2.16.1-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталған болса. Кіріс сомасы Шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болған күнтізбелік күн саны үшін айқындалады.

2.16.9. Орындаушы Шарттың 2.16.1 және 2.16.5-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған кезде, сондай-ақ Шарттың 2.16.5-тармақшасы бойынша ұсынылған құжаттарға сәйкес, Шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілгендер қатарынан кемінде бір Қызметкер ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кез келген тізбектес он екі айлық кезеңде Қазақстан Республикасында 183 және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғаны айқындалса, және Шарттың 2.16.1-тармақшасы шеңберінде ол бойынша құжаттар ұсынылмаса, онда Шарттың 2.16.4-тармақшасы бойынша Тапсырыс беруші ұстап қалған барлық ЖТС сомасы Орындаушыға қайтарылуға жатады және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді.

2.17. Орындаушының Шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге, оның ішінде Шарт жасасу кезінде көрсетілуі тиіс Қызметтердің немесе осы үшін қажетті шығыстардың толық көлемін көздеу мүмкіндігі болмаған жағдайда да, талап етуге құқығы жоқ.

2.18. Орындаушының іс жүзіндегі шығыстары бағаны айқындау кезінде ескерілгендерден аз болғанда және Орындаушы алған үнем көрсетілген Қызметтердің сапасына теріс әсер етпеген жағдайларда, Тапсырыс беруші мұндай үнемдеуді Тараптар арасында тең бөлуді талап етуге құқылы.

2.19. Салықтар, баждар және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты ҚР заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.20. Осы Шарттың Қазақстан Республикасы Салық кодексінің нормаларын қолдану туралы кез келген ережелеріне қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексіндегі ережелерден өзгеше ережелер белгіленсе, көрсетілген шарттың ережелері қолданылады.

3. Қызмет көрсету мерзімдері және шарттары

3.1. Орындаушы Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес шарттарда, көлемде, орналасқан жері бойынша және мерзімде Қызметтерді көрсетуге міндетті.

3.2. Қызметтерді көрсету күнін Тараптар Көрсетілген қызмет актісінде көрсетеді.

3.3. Орындаушы Қызметтерді көрсету үшін бірлесіп орындаушыларға (қосалқы мердігерлерге) бере алатын көрсетілетін Қызметтердің шекті көлемдері Орындаушының тендерлік өтінімінде көрсетілген көлемнен аспауы тиіс. Бұл ретте егер Шарт Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 17) тармақшасының негізінде бір көзден сатып алу тәсілімен сатып алу қорытындылары бойынша жасалған жағдайда, Орындаушы Қызметтер көрсету бойынша көлемнің кемінде үштен екісін (2/3) дербес орындауға міндетті (Бизнес-шешімдер провайдерінің қызметтер көрсету жағдайларын қоспағанда)

3.4. Орындаушы Қызметтерді Тараптар Шартта белгіленген нысан бойынша жұмыс тапсырмаларына (бұдан әрі – Жұмыс тапсырмалары) қол қоюына қарай көрсетуге тиіс. Жұмыс тапсырмаларында Тараптар көрсетілетін Қызметтердің жекелеген бөліктерін көрсетудің көлемін, мерзімін, сипаттамасын, нәтижелер ресімдеуге қойылатын талаптарды, құнын және басқа да шарттарын нақтылайтын болады. Жұмыс тапсырмасын Орындаушының қарау мерзімі Тапсырыс беруші оны жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері





4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда көрсетілетін Қызметтерге құжаттарды, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың есебі (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.2.1.1. Шарттың нысанасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша





Көрсетілген Қызметтер актісі;

4.1.2.1.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазып берілген шот-фактура.

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған Қызметтердің саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға;

4.1.4. Қызметтерді тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен көрсетуге;

4.1.5. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), ғимараттарды (құрылыстарды), үй-жайларды және бағдарламалық камтамасыз етуді пайдалана отырып қызметтер көрсету."

4.1.6. Қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға;

4.1.7. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындаған ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауап беруге;

4.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Қызметтер көрсету кезінде аварияларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы мүмкін және (немесе) әкеп соққан барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу ескертуге;


4.1.9. Тапсырыс беруші немесе уәкілетті органдар анықтаған өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы кемшіліктерді және Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын өз есебінен жоюға;

4.1.10. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

4.1.11. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды; Шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі өткенге дейін Орындаушының сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы жағдайлары алып тастауды құрайды. Тапсырыс беруші Орындаушыға жазбаша хабарлама жіберу арқылы сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Орындаушы осы хабарламаны алған күннен бастап шарт біржақты тәртіппен бұзылған болып есептеледі. Егер Орындаушы Тәртіптің 64-бабы 5-тармағының талаптарына сәйкес шарттың орындалуын қамтамасыз етуді алмастырмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

4.1.12. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару аудару арқылы (ақшалай жарна болған жағдайда) немесе Орындаушыға банк кепілдігінің түпнұсқасын, сақтандыру полисін (болған жағдайда) беру арқылы жүзеге асырылады. Енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуды Тапсырыс беруші Орындаушыға мұндай ұстап қалу туралы хабарлама жіберілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні өткеннен кейін Орындаушының шарттық міндеттемелердің орындалуын бұзғанын көрсете отырып жүргізетініне Орындаушы келіседі. Ұстап қалғаннан кейін қалған Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы Орындаушыға ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап, сондай-ақ ол жол берген Шарт талаптарының бұзушылықтарын жойған және жоюға болатындарын жойған (мұндай бұзушылықтарға жол берілген жағдайда) күннен бастап Қордың сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілместен 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады. Бұл ретте, Орындаушы айыппұл санкцияларын өз бетінше толық төлеген не Орындаушының айыппұлды толық төлеу бойынша берешегі Тапсырыс берушінің Орындаушыға төленуге тиісті соманы азайтуы арқылы өтелген жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қалмайды және Орындаушы Қордың Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне енгізілмейді. Шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға немесе тоқтағанға дейін үшінші тұлғалардың енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттерді Орындаушының жасауына жол берілмейді. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету Тәртіптің 43-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда ұсынылмайды.

4.1.13. Осы Шартты орындау үшін тартылатын қызметкерлерге осы Шартта көрсетілген жалақылар Шарттың бүкіл қолданылу кезеңіне белгіленсін және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан _____





кешіктірілмейтін мерзімде тоқсан сайынғы негізде үзінді көшірмелер ұсынсуға (тендерлік құжаттамада Тәртіптің № 5 қосымшасының 35-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші жұмыскерлерінің жалақысының ең төменгі шегі(тері) белгіленген кезде қолданылады);

4.1.14. Шартты орындау үшін тартылған Орындаушының жұмыскерлерінің жалақысы мен әлеуметтік қолдау шығыстарының ұлғаюын қамтамасыз етуге және осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті жұмыскерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан _____ үзіндіден кешіктірілмейтін мерзімде тоқсан сайынғы негізде ұсыну (Тәртіптің 59-бабы 1-тармағының 9) тармақшасының алтыншы абзацына сәйкес шарт жасасу және Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес жасалған шарттарға өзгерістер енгізу кезінде қолданылады).

4.1.15. Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бойынша оқытудан өткен мамандарды Қызмет көрсетуге жіберуге (мұндай талап Қызметтерге қолданылатын кезде ғана белгіленеді).

4.1.16. Ұйымның құрылымында қауіпсіздік қызметі мен еңбекті қорғау және (немесе) Орындаушы және (немесе) бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің жалпы саны 50 (елу) адамнан астам болған кезде қызметтің ерекшелігін ескере отырып (егер бұл Қызметтерге қатысты болса) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандарына ие болуға.

4.1.17. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен ауысым алдындағы (рейс алдындағы), ауысымнан кейінгі (рейстен кейінгі) медициналық қарап-тексерулерді қоса алғанда, өз қызметкерлеріне міндетті мерзімді медициналық қарап-тексерулер жүргізуді қамтамасыз ету (егер бұл Қызметтерге қатысты болса).

4.1.18. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз Қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.19. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы іс-шаралар жоспарын әзірлеуді қамтамасыз ету, белгіленген талаптарды сақтау және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша дереу шаралар қабылдау мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру (егер бұл Қызметтерге қатысты болса)

4.1.20. Тапсырыс берушіге берілетін көрсетілген Қызметтер нәтижелерінің сапасын қамтамасыз етуге. Шартта көзделген Қызметтерді уақытында және сапалы орындауға, бұл ретте: 1) қолданылатын құқық талаптарын, оның ішінде экологиялық заңнаманың, Шарттың талаптарын (Шарттың 4.1.1.-тармақта көрсетілгендей) орындауға; 2) егер осы Шартта (оның ішінде Техникалық ерекшелікте) өзгеше көзделмесе, Шартта көзделген көрсетілетін Қызметтерді өз күшімен, материалдармен және құралдармен (персоналмен, жабдықтармен, технологиялық жабдықтармен, машиналармен және тетіктермен, арнайы техникамен және т.б., құралдармен және аспаптармен, ЖЖМ және т.б.) орындауға.


4.1.21. Осы Шарт бойынша қызметтер көрсету үшін барлық қажетті рұқсат беру құжаттарын және кез келген өзге де құжаттарды және өкілеттілерді өз бетінше және өз есебінен, оның ішінде шектеусіз алуға және ие болуға: - Көрсетілетін қызметтерге лицензиялар, сертификаттар; - шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар; - Орындаушының шарт бойынша қызмет көрсетуге байланысты кез келген осындай құралды, жабдықты немесе технологияны беруі немесе орындауы нәтижесінде орын алуы мүмкін құралдарға, жабдыққа, технологияға не оларды пайдалануға немесе дайындауға қандай да бір құқықтар мен басым құқықтарға қатысты кез келген патент ұстаушылар мен лицензиаттардың талаптарына байланысты. Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қолданылатын технологиялардың патенттік тазалығын қамтамасыз етеді.

4.1.22. Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін біліктілігі, тәжірибесі және құзыреттілігі осы Шарт бойынша Орындаушының міндеттерін тиісті түрде орындауға мүмкіндік беретін мамандарды тартуға.

4.1.23. Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде шарттық міндеттемелерді орындау кезінде Орындаушы қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге.

4.1.24. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқамадан өту (әкімшілік ғимараттарда немесе Тапсырыс берушінің аумағында Қызметтерді көрсеткен жағдайда).

4.1.25. Қазақстан Республикасының еңбек және табиғатты қорғау заңнамасының талаптарын, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Экономикалық қауіпсіздік Регламентінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында жер үсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану регламентінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы саясатының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Экологиялық саясатының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және сол тектестерге қатысты саясатының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясатының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Орнықты даму саласындағы тұжырымдамасының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Іскерлік әдеп кодексінің ережелерін, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтау жөніндегі көшбасшылық және бейілділік кодексінің, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ әкімшілік ғимараттарындағы өрт қауіпсіздігі шаралары туралы жұмыс нұсқаулығын, «Еңбекті, өнеркәсіптік қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғау» Шартының №13 қосымшасы, сондай-ақ Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесі құжаттарының талаптарын сақтауға; Осымен Қызметтерді көрсету басталғанға дейін (Шарттың 4.2.8 тармағын ескере отырып) Орындаушы осы тармақта көрсетілген құжаттардың талаптарымен танысқанын және





келісетінін растайды және олардың талаптарын бұлжытпай сақтауға міндеттенеді.

4.1.26. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін Орындаушы қолданатын жабдықтар мен тетіктерге техникалық қызмет көрсету, күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша барлық шығыстарды өз есебінен көтеруге (оның ішінде Қызметтер көрсететін орнында ұзақ уақыт тұрғандар).

4.1.27. Қызметтерді көрсету барысында өзінің әрекеттерімен Тапсырыс берушінің, сондай-ақ оның контрагенттерінің жұмысына кедергі келтірмеуге.

4.1.28. Көрсетілетін Қызметтердің сапасына бақылау жүргізуге, көрсетілетін Қызметтердегі кемшіліктердің алдын алу мен жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға.

4.1.29. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуына байланысты кез келген (анық) ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Қызметтерді көрсетуге қатысты іс-қимылдардың мәртебесі жөніндегі ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынуға. Бұл ретте, ақпарат берудің сипатын, көлемі мен нысанын (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс беруші айқындайды.

4.1.30. Тапсырыс беруші үшін Қызметтерді орындау тәсілі туралы оның нұсқауларын орындаудың ықтимал қолайсыз салдарын, теріс нәтижесін немесе Қызметтерді одан әрі көрсетудің орынсыздығын, көрсетілетін Қызметтер нәтижелерінің жарамдылығына немесе сапасына қауіп төндіретін не оларды мерзімінде көрсетуге мүмкіндік бермейтін Орындаушыға байланысты емес өзге де мән-жайларды байқағанда Тапсырыс берушіге дереу ескертуге және оның нұсқауларын алғанға дейін Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға. Қызметтерді көрсетуді жалғастырудың орындылығы туралы мәселені Тараптар Тапсырыс беруші Қызметтерді көрсетуді туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешеді.

4.1.31. Үшінші тұлғаларда Шарт бойынша Тапсырыс берушіге берілген көрсетілген Қызметтердің нәтижелеріне айрықша және өзге де құқықтардың және сәйкесінше олар бойынша ақшалай талаптардың болмауын қамтамасыз етуге міндеттенеді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсетілген Қызметтердің нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтарды беруге міндеттенеді.

4.1.32. Тапсырыс берушіге Шарт талаптарын тиісінше орындамаудан, сондай-ақ басқа да заңсыз әрекеттерден туындаған оған келтірілген барлық шығындарды өтеуге; Құзыретті мемлекеттік орган немесе кез келген басқа үшінші тұлғалар Орындаушы көрсеткен Қызметтерге наразылық білдірген жағдайда, соның нәтижесінде Тапсырысшыға айыппұл (өсімпұл) салынатын немесе залалдардың қандай да бір сомалары өндіріп алынатын болса, Орындаушы Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Тапсырыс берушіге осы айыппұл (өсімпұл) мен залалдардың сомасын дереу өтеуге тиіс.

4.1.33. Шарт бойынша Қызметтерді көрсету аяқталғаннан кейін немесе Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Шартты орындау үшін Тапсырыс берушіден алынған барлық мәліметтерді (қағаз және электрондық жеткізгіштердегі ақпаратты, құжаттаманы, сызбалар мен жоспарларды және т.б.) қайтаруға.

4.1.34. Осы Шарттың «Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтер» Қосымшасында баяндалған мүдделер қақтығысы туралы ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына кепілдік беруге және Шарттың Қосымшасына сәйкес мүдделер қақтығысының болмауы туралы Орындаушының кепілдіктері және мәлімдемелерін бұзғаны үшін жауапкершілік алуға.

4.1.35. Шартқа тиісті Қосымшаға қол қою арқылы Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ұсынуға, олардың дұрыстығы мен толықтығын қамтамасыз етуге. Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерге қатысты дұрыс емес ақпарат ұсынғаны үшін, мүдделер қақтығысының болмауы туралы Орындаушының кепілдіктері және мәлімдемелерін бұзғаны үшін Шарттың жалпы құнының 1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапкершілік алуға.


4.1.36. Тапсырыс берушіні мүдделер қақтығысы мәселелеріне қатысы бар кез келген оқиғалар және (немесе) фактілер туралы дереу хабардар етуге; мүдделер қақтығысы белгілері анықталған жағдайда Тапсырыс берушіні бұл туралы дереу хабардар етуге және одан әрі Қызметтерді көрсету мүмкіндігі (мүмкін еместігі) мәселесін шешу үшін іс-қимыл жасауға.

4.1.37. Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ұсынғаннан кейін жоба бойынша мүдделер қақтығысы анықталған немесе бар деген күдік пайда болған кезде осы Шартқа қол қойған адамның немесе оны алмастыратын адамның атына жазбаша түрде мүдделер қақтығысы туралы кейінгі мәліметтерді дереу ашуға.

4.1.38. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жоба бойынша құпия ақпаратты ашу үшін Тапсырыс берушіден жазбаша келісім алуға.

4.1.39. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 16 қазандағы №114 шешімімен бекітілген Тапсырыс берушімен өзара қарым-қатынастарда этикалық мінез-құлықтың жоғары нормаларын басшылыққа алуға және Консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі саясаттың талаптарын мүлтіксіз сақтауға.

4.1.40. Тапсырыс берушінің мүдделерінің басымдығын және «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 16 қазандағы шешімімен, №114 хаттама, бекітілген «Консультациялық қызметтерді тарту кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі саясаттың және «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 28 қазандағы шешімімен, №48/14 хаттама, бекітілген «Самұрық-





Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдардың консультациялық қызметтерді тартуы кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі корпоративтік стандарттың өзге де талаптарын қатаң сақтай отырып, Тапсырыс берушімен қарым-қатынасты адалдық, әділдік, қажетті ақпаратты толық ашу, Тапсырыс берушінің тапсырмаларын орындау қағидаттарында құруға.

4.1.41. Қызметтерді көрсету күнінен бастап 5 (бес) жыл ішінде Жобаның нысанасына байланысты не одан туындайтын мәселелер бойынша Тапсырыс берушімен өзара қарым-қатынаста үшінші тұлғалардың мүдделерін білдірмеуге.

4.1.42. Орындаушының Тапсырыс берушінің мүдделерін білдіруі қатарлас мүдделер қақтығысын тудырған немесе тудыруы мүмкін болған жағдайда, Тапсырыс берушіні хабардар етіп, Тапсырыс берушіден тиісті нұсқаулар алғанға дейін Қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға. Егер Орындаушының өзінің ағымдағы клиентінің өкілдігі Тапсырыс берушінің мүдделеріне сәйкес келмесе немесе егер Орындаушының өзінің ағымдағы бір немесе бірнеше клиентінің өкілдігі Орындаушының Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін бұзады деген тәуекел болса, қатарлас жанжал туындауы мүмкін.

4.1.43. Мүдделер қақтығысының болуы салдарынан келтірілген залалдарды өтеу бойынша Тапсырыс беруші алдында толық жауапкершілік алуға.

4.1.44. Тапсырыс берушімен, Қордың тобына кіретін ұйымдармен, Қазақстан Республикасымен, Қазақстан Республикасының Үкіметімен мүдделер қақтығысының болмауын қамтамасыз етуге.

4.1.45. Тапсырыс берушіден алынған барлық ақпараттың құпиялылық режимін қатаң сақтауға, Шарт тоқтатылған жағдайда алынған ақпараттың/мәліметтердің кері қайтарылуын және (немесе) жойылуын қамтамасыз етуге.

4.1.46. Орындаушы Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік азаматтар болып табылатын Орындаушы мен бірлесіп орындаушылардың (қосалқы мердігерлердің) қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге міндеттенеді;


4.1.47. Орындаушы Шартта көзделген Қызметтерді салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып көрсетуге міндетті, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді дұрыс және уақтылы есептеуді, сондай-ақ салықтық есептілікті дұрыс рәсімдеуді және салық органына уақтылы ұсынуды қамтамасыз етуі тиіс. Егер Орындаушы осы тармақтың немесе Шарттың басқа да шарттарының талаптарын тиісінше орындамаса, соның ішінде толық емес немесе дұрыс емес ақпарат ұсынса, сондай-ақ келесі жағдайларда, (1) Орындаушының дұрыс емес/қате ақпаратты немесе құжаттарды ұсынуы, (2) Орындаушының кірістің нақты алушысы ретіндегі мәртебесіне немесе Конвенция мен МЛІ-дің басқа да қолданылатын шарттарының орындалуына қатысты берген кепілдіктерін бұзуы, (3) салық органдары осы Орындаушы үшін Конвенция бойынша салықтық жеңілдіктерді қолданудан бас тартуға негіз болатын өзге де мән-жайларды анықтауы. Осының салдарынан Тапсырыс берушіге қосымша салықтар мен айыппұл санкциялары есептелген (немесе есептелетін болса), Орындаушы Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша осыған байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген шығындарды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді. Шығындарды өтеу міндеттемесі Қазақстан Республикасының салық заңнамасында Тапсырыс беруші үшін белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

4.1.48. Осы Шарттың 7.2.2-тармағында белгіленген жауапкершілік шеңберінде, Тапсырыс берушіге залалдарды өтеу міндеттемесін атқару тәртібімен, Орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді (оның ішінде Шарттың жоғарыдағы тармағында көзделгендерін) орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда, егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі шеңберінде, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар жүргізу шеңберінде Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемей) не растамау фактілерін анықтаса, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚКС-дан асып кету сомасын Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылса не қосымша салықтар есептелсе, онда Орындаушы Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚКС-ның асып кеткен бүкіл сомасын өтеуге, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де салынған салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген талап тікелей Орындаушының өзімен арадағы өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сондай-ақ қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмау, қосылған күн салығының қайтарылмау және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге салған салықтар мен қаржылық санкциялардың қосымша есептелу жағдайларына әкеп соққан Орындаушының Өнім берушілермен өзара қарым-қатынастарына да қолданылуы тиіс.

4.1.49. Егер Шартта Қызметтерді көрсету үшін Орындаушының материалдарды/тауарларды, оның ішінде алыс-беріс материалдарын/тауарларды жеткізуі көзделсе, онда Орындаушы отандық материалдарды/тауарларды олар Қазақстанда өндірілген жағдайда сатып алуға міндетті. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушімен оның Қызметтерді көрсету үшін материалдар/тауарлар сатып алу шарттарын алдын ала келісуге міндетті.

4.1.50. Егер осы Шартты орындау шеңберінде тауарларды жеткізу көзделген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

4.1.51. Егер тендерлік құжаттамада Тәртіпке №5 қосымшаның 35-тармағына сәйкес қызметкерлердің жалақысының ең төменгі шегі (шектері) белгіленген жағдайда, Орындаушының тиісті қызметкерлеріне Шарттың барлық қолданылу кезеңіне Орындаушының тендерлік өтінімінде көрсетілген жалақы белгіленсін. Осы тармақта көзделген міндеттеменің орындалғанын растау үшін Орындаушы





Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірмелерді тоқсаннан кейінгі айдың 15-ші күнінен кешіктірмей беруге міндеттенеді. Осы тармақ орындалмаған жағдайда, Орындаушы Көрсетілетін қызметтердің жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті, оны Орындаушы төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар көрсетілген қызметтерді қабылдау-беруді растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін.

4.1.52. Тәртіптің 65-бабының 1-тармағы 16) тармақшасына сәйкес Шартқа өзгерістер енгізілген кезде, әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдау шеңберінде, Орындаушы шартты орындауға тартылған Орындаушының қызметкерлерінің жалақысын және әлеуметтік қолдауға арналған шығыстарын ұлғайтуға міндеттенеді. Шарттың осы тармақта көзделген міндеттеменің орындалуын растау үшін, ай сайын әрбір 15-ші күнінен кешіктірмей, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған тиісті қызметкерлердің аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірмелер, сондай-ақ Орындаушының қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға арналған шығыстардың ұлғаюын растайтын ақпарат пен құжаттар беруге міндеттенеді. Шарттың осы тармағында көзделген міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы төлеуі тиіс немесе тараптар көрсетілген қызметтердің растайтын тиісті (түпкілікті) актіге қол қойғанға дейін ұстап қала алатын сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 10%-і мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді.

4.1.53. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.4. Бұл ретте Орындаушы Тапсырыс берушімен келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды ғана емес, сонымен қатар жабдықты, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді тең мәндіге ауыстыруға құқылы.

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.7. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.2.8. Тапсырыс берушіден авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.9. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге құқығы бар.

4.2.10. Қызметтерді көрсету үшін Орындаушыға қажетті ақпараттың толық көлемін Тапсырыс берушінің ұсынуын талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:


4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қойғызып таныстыруға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге міндеттенеді.

